## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аманбаев И.К.» ЖК 2026 жылғы 14 тамызда 10.00-де Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қ., Есет Көтібарұлы кешесі, №33 мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы Үлпан кен орнының бөлігінде шегінді тау жыныстарың қиыршық-құм қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есептің материалдары негізінде ашық отырыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Әсер ету аумағы: Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы.

Онлайн қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us04web.zoom.us/j/3983988781?pwd=cgmAbcZeNEjbAVeszHalzJ8qPFeSft.1&omn=74394592117 немесе Конференция идентификаторы: 398 398 8781. Кіру коды: 2026

Жобаның тапсырыс берушісі: «Аманбаев И.К.» ЖК, ҚР, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қ., Доценко кешесі №58, тел.: +77715170394, e-mail: zhakhon1@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «Туребекова» ЖК, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, 11ш.а., 103/38, тел.: 87057246527, e-mail: zh.turebekova@yandex.kz

Жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады: https://ndbecology.gov.kz, сондай-ақ ЖАО сайтында: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zherpaidalanuy?lang=ru&.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар кешіктірілмейтін мерзімде қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күн аралығында ақпаратты жүйеде https://ndbecology.gov.kz немесе электрондық пошта aktobe.uprrp@yandex.kz арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жайдан алуға болады: Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қ., Доценко кешесі № 58, zh.turebekova@yandex.kz және 87024371160 нөмірі бойынша.

* * *

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Аманбаев И.К.», сообщает, что 14 августа 2026 г. в 10:00 ч. по адресу: Актюбинская область, Шалкарский район, г.Шалкар, ул.Есет Котибарулы №33 по проекту «Отчет о возможных воздействиях к Плану горных работ на добычу осадочных горных пород: гравийно-песчаной смеси на части месторождения Улпан в Шалкарском районе Актюбинской области Республики Казахстан» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания

Территория воздействия: Актюбинская область, Шалкарский район.

Для участия онлайн необходимо пройти по ссылке: https://us04web.zoom.us/j/3983988781?pwd=cgmAbcZeNEjbAVeszHalzJ8qPFeSft.1&omn=74394592117 или идентификатор конференции: 398 398 8781. Код доступа: 2026

Заказчик проекта: ИП «Аманбаев И.К.», РК, Актюбинская область, Шалкарский район, г.Шалкар, ул.Доценко №58, тел.: +77715170394, e-mail: zhakhon1@mail.ru

Разработчик проекта: ИП «Туребекова», РК, Актюбинская область, г. Актобе, 11мкр, 103/38, тел.: 87057246527, e-mail: zh.turebekova@yandex.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на https://ndbecology.gov.kz, а также сайте МИО: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zherpaidalanuy?lang=ru&.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний в информационной системе https://ndbecology.gov.kz или по электронной почте aktobe.uprrp@yandex.kz.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: Актюбинская область, Шалкарский район, г.Шалкар, ул.Доценко №58, zh.turebekova@yandex.kz и по номеру: 87024371160.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Аманбаев И.К.» ЖК Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес, 2026 жылғы 14 тамызда 11.00-де Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қ., Есет Көтібарұлы кешесі №33 мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы Үлпан кен орнының бөлігінде шегінді тау жыныстарың қиыршық-құм қоспасын өндіруге арналған Тау-кен жұмыстарының жоспары» бойынша Қоршаған ортаны қорғау бөлімі, рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы (рұқсат етілген шығарындылар нормативі), қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, іс-шаралардың жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/ сондай-ақ ЖАО https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz сондай-ақ aktobe.uprrp@yandex.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Өткізілетін қоғамдық тыңдаулардың белсенді сілтемесі: https://us04web.zoom.us/j/3983988781?pwd=cgmAbcZeNEjbAVeszHalzJ8qPFeSft.1&omn=77101468708 немесе конференция идентификаторы: 398 398 8781. Кіру коды: 2026.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: zh.turebekova@yandex.kz және +77024371160 телефоны.

Жобаның тапсырыс берушісі: «Аманбаев И.К.» ЖК, ҚР, Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шалқар қ., Доценко кешесі №58, тел.: +77715170394, e-mail: zhakhon1@mail.ru

Жобаны әзірлеуші: «Туребекова» ЖК, ҚР, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қ, 11ш.а., 103/38, тел.: 87057246527, e-mail zh.turebekova@yandex.kz.

* * *

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ИП «Аманбаев И.К.» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает, что 14 августа 2026 года, в 11.00, по адресу: Актюбинская область, Шалкарский район, г.Шалкар, ул.Есет Котибарулы №33, состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по Разделу охраны окружающей среды, проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ), программе управления отходами, программе производственного экологического контроля, плану мероприятий к «Плану горных работ на добычу осадочных горных пород: гравийно-песчаной смеси на части месторождения Улпан в Шалкарском районе Актюбинской области Республики Казахстан».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на https://ndbecology.gov.kz, а также сайте МИО: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobezher-papidalanuy?lang=ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на https://ndbecology.gov.kz, а также по эл. адресу: aktobe.uprrp@yandex.kz.

Активная ссылка проводимых общественных слушаний: https://us04web.zoom.us/j/3983988781?pwd=cgmAbcZeNEjbAVeszHalzJ8qPFeSft.1&omn=77101468708 или идентификатор конференции: 398 398 8781. Код доступа: 2026

Дополнительную информацию можно получить по эл. адресу: zh.turebekova@yandex.kz и по телефону: +7 702 43711 60

Заказчик проекта: ИП «Аманбаев И.К.», РК, Актюбинская область, Шалкарский район, г.Шалкар, ул-Доценко №58 тел.: +77715170394, e-mail: zhakhon1@mail.ru

Разработчик проекта: ИП «Туребекова», РК, Актюбинская область, г.Актобе, 11мкр, 103/38, тел.:87057246527, e-mail:zh.turebekova@yandex.kz.

## ҚҰТТЫҚТАУ

**Ақтөбе қаласы**
**Қаламқас Сидаққызы ҮРГЕНІШБАЕВАҒА**

Бірге өскен бауырлары зейнет жасқа жетуімен шын жүректен құттықтайды!

Ағайын-туысқа сыйлы, бауырларына мейірімді, әріптестер арасында беделді жанға деннің саулығын, көңілдің шуағын, өмірдің жақсылығын тілеміз! Әр күнің игілікке толы, мағыналы болып, немерелердің қызығын көріп, өміріңіз ұзақ болсын!



Бауыр деген — көздегі қарашығың,
Ал, әпкеміз — асылы, дара шыңның,
Құтты болсын кеп жеткен зейнет жасың,
Ардақты да, ең жақын жанашырым!

Жақсы күн! Саған жеттік шақырдың да,
Пайдасы бар сабыр мен ақылдың да,
Зейнет жасқа дейінгі жолыңда бұл —
Қаншама еңбек, қанша тер жатыр мұнда.

Мың алғыс мағыналы іздер үшін,
Қыс-жазы, көктемі мен күздері үшін,
Жер мен Көкті жеті айналып шарласақ та,
Сенен асқан бауыр жоқ біздер үшін!

Бәрі үшін керек сенің амандығың ,
Көрмеңіз бұл өмірдің жамандығын,
Алуа, Айбала, Зейнеп, сұлу Бегің,
Қызығын көр, жайнап өскен немереңнің.

Шын жүректен отбасыңа бақ тіледім,
Талғатыңа желге сынбас тақ тіледім,
Ақ пейілмен әндеше қабыл алғын,
Бауырлардың ізгілікпен ақ тілегін!

**Құттықтаушылар: бауырлары.**

# КЕНЕ ЭНЦЕФАЛИТІ

Кене энцефалиті — кене арқылы таралатын, орталық жүйке жүйесін зақымдайтын, жедел өтетін жұқпалы ауру. Ауру салдары мүгедектікке немесе өлімге әкелуі мүмкін. Кененің ең өршіген шыны сәуір, мамыр және маусым айлары.

Жұғу жолдары: Кене қанмен қоректенуді бастау үшін, егер кене жұқтырушы болса, алдымен адамның денесінде жайлы орналасу керек. Кененің сілекейінде ауруды сездірмейтін зат бар, солай болғандықтан адам оның шаққанын сезбейді. Адам жабысқан кененi, ол денеге терең еніп үлгергеннен кейін көп уақыт өткеннен кейін байқайды. Кенеге шағу үшін ұнамды жерлер — адамның жұмсақ тері жамылғылары (қолтықтың асты, мойын, құлақтың арты, шап). Кенелер таңертеңгісін және кешкісін өршиді. Ыстық жене жаңбырлы күндері онша белсенді емес.

Инкубациялық кезең 4-тен 14 күнге дейін созылады. Аурудың басында: қалтырау, қатты бас ауруы, дене қызуы (38-39 С), жүрек айну, құсу, бұлшық еттердің ауруы.

Сақтану жолдары:

- Дұрыс киінген киім кенеден едәуір дәрежеге дейін қорғайды;
- Аяққа етік кию;
- Шалбардың балағын шұлыққа тығып орау;
- Жеңнің қайырмасын түймелер, резеңкемен немесе жіппен қысып буу;
- Басты капюшонмен немесе орамалмен орау;
- Репелент майы болса жеңнің ұшын, жағаны және киімдегі өзге саңылаулар арқылы кененің денеге кіретін жерлерін маймен жағып қою.

Денеге жабысқан кенені қысуға немесе жұлып тастауға болмайды. Бұл кене энцефалитін жұқтырып алу мүмкіншілігін күшейтеді және алдын алу үшін вакцинация жасау маңызды.

**Шалқар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**

# ОРМАН ЖАННЫҢ САЯСЫ

Адам баласы тірі табиғаттың бір бөлшегі болған соң, сол табиғат сұлулығынан, әдемілігінен, әсемдігінен бойына қуат, көңіліне шуақ алып, зор сезімге бөленіп өмір сүреді. Табиғаттың таңдай қақтырар тылсымы жетерлік. Оны көруге көз, түсінуге жүрек, жасауға үлкен күш керек.

Ал сол табиғаттың құнды бір бөлігі — орман. Орман тек аң-құстардың мекені ғана емес, ол қаланы құм көшкінінен, түрлі боран-дауылдан қорғаушы бір қарулы күш десек қателеспейміз. «Кезінді қалдыр, бұлақ көзін аша жүр, Ісінді қалдыр, істен мұра шаша жүр», — деп халық даналығы айтқандай, қаламызды қоршап, өскен қарағайлардың негізі 1962-1964 жылдардан бастап егілген екен. Осындай шаруашылықты мемлекет тарапынан бақылаушы Үлкен-Борсық орман шаруашылығының іргетасы 1949 жылы қаланған.

Қаншама жылдар бойы етілген есселі еңбек пен төгілген маңдай тер атадан балаға мирас болып келе жатқандай. Кезінде егілген қарағайлардың қатары содан бері қара сексеуілмен, жыңғылмен, жүзген, қарағаш, үйеңкілермен толықты. Толығын қана қоймай, неше жылдан бері «Үлкен-Борсық орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі» орман тұқым бағында әр түрлі ағаштардың тұқымын өсіріп, шыққан көшеттерді қала көшелеріне, мектептерге, балабақшаларға түрлі мәдени орындарға, ауылдық округтерге егуге дайындап береді.

Мұның өзін «Үлкен-Борсық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» тәжірибе таратудағы өзіндік кәсіби шеберлігі деп тануға болады. Қала сыртындағы орманымызбен қатар, қала ішін абаттандыруға да зор үлес қосып отырған бұл мекеме сонымен қатар ауданның жұмыспен қамту орталығымен де тығыз байланыста. Бүгінгі таңда Үлкен-Борсық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі арқылы көптеген жұмыссыз жастар жұмыспен қамтылып отыр.

**А.НҰРМАҒАНБЕТОВ,**
**«Үлкен-Борсық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» директорының орынбасары.**

31.07.1966 жылы туылған Амантай Құлтайұлы Есей 18.03.2026 жылы қайтыс болуына байланысты Ақтөбе нотариалды округінің нотариусы Е.Болысбаевта мұрагерлік іс ашылды.

Мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұраймыз: Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, №66 үй.

26.02.1960 жылы туылған Марат Табайұлы Дүзбаев 26.04.2026 жылы қайтыс болуына байланысты Ақтөбе нотариалды округінің нотариусы Е.Болысбаевта мұрагерлік іс ашылды.

Мұрагерлердің мына мекен-жайға хабарласуларын сұраймыз: Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, №66 үй.

Ауданның білім бөлімі мен білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы «Нұр-Дана» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Гүлбаршын Бекмағанбетоваға, №1 мектеп-гимназиясының директоры Мұхтар Оңғаровқа анасы
**Қойманның**
қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Аудандық аурухана мен кәсіподақ комитеті аурухананың кіші қызметкері Күнсұлу Үмбетоваға апасы
**Дариғаның**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

МАМАН ЕСКЕРТЕДІ

# ЭНТЕРОВИРУСТЫ ИНФЕКЦИЯ

Энтеровирусты инфекция — инфекциялық ауру, ішек вирустарының тобына кіреді. Энтеровирустық инфекциялардың берілуі нәжіс-ауыз арқылы (су, тағам және тығыз қарым-қатынас арқылы) және ауа-тамшы жолдары (түшкірік, жөтел)арқылы. Ауру маусымдық сипатқа ие, бұрқ етпелер көктем-жаз және жаз-күз мезгілдерінде пайда болады. Жұқтырылуы су, тамақ өнімдері, сондай-ақ науқастың нәжісі, жөтелген және түшкірген кезде өте ұсақ сілекей мен қақырық тамшылары арқылы жүреді. Инфекция ашық су қоймаларда шомылу кезінде өте жиі жұғады.

Инфекция қалай байқалады?

Ауру температураның 38-40 С-қа дейін көтерілуімен, әлсіздіктен, бастың ауыруынан, лоқсудан, құсудан және көздің қарығуынан (коньюктивит) басталады. Бұл симптомдар жүрек түсыныы, іштің, бұлшық еттің ауыруымен, доғашылығы және бадамша бездердегі ұшық бөртпелермен қатар жүруі мүмкін. Кейбір жағдайларда жоғарғы тыныс алу жолдарында талаурау, сұық тию, мұрынның бітуі, жөтелу байқалады. Аурудың 1-2 күндері негізінен қолда, аяқта, ауыз қуысында және оның айналасында 24-48 сағаттың ішінде (кейде 8 күн) болатын, кейін жоғалып кететін бөртпе пайда болады.

Бала ауырып қалса не істеу керек?

Көрсетілген белгілерге шағымдар пайда болған жағдайда ауру өздігінен өтеді деп күтпей, тез арада дәрігерге барудың қажет, өз бетіңізше емдеуге тырыспаңыз.

Баланы қалай қорғау керек?

Энтеровирусты инфекцияның алдын алу шаралары кез келген жіті ішек инфекциясы кезіндегі шараларға ұқсас, мынадай ережелерді сақтаған жөн:

- ішу үшін тек қана қайнатылған немесе бөтелкедегі суды пайдалану;
- тамақ ішердің алдында және дәретханаға барғаннан кейін қолды сабынмен жуу, жеке және қоғамдық гигиена ережелерін қатаң сақтау;
- жеміс пен көкөністі пайдаланудың алдында оларды жеке қолданып және кейіннен қайнатылған сумен шайып мұқият жуу;
- ресми рұқсат етілген жерлерде ғана шомылу, шомылу кезінде суды жұтпауға тырысыңыз;
- азық-түлікті жеке тұлғалардан және сатуға рұқсат етілмеген жерлерден сатып алмау.

Емдеуден гөрі қарапайым профилактика шараларын сақтай отырып аурудың алдын алған жеңіл екендігін есте ұстаңыз.

**Шалқар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**

# САРЫП — ЖҰҚПАЛЫ АУРУ

Сарып — адамдар мен жануарлардың жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратын зақымдайтын, адамдарда ұзаққа созылатын жұқпалы ауру. Сарып зоонозды инфекция, аурудың адамдарға жұқпа көзі үй жануарлары болып табылады.

Адамдар жануарлардан (ірі мүйізді, ұсақ мал, шошқа, жылқы, түйе, ит) ауруды залалданған шикі сүт, сүт өнімдерін және толық термиялық өңдеуден өтпеген етті (кәуәп, шұжық) қолдану арқылы алиментарлы жолмен немесе ауыл шаруашылығы малдарын бағу, мал төлдегенде контактілі жолмен жұқтырады. Ауруды малды бағу кезінде жұқтыру жиі кездеседі.

Адамдарда сарып ауруы 2-3 аптадан кейін жалпы ауырсыну, дене қызуының 39-40 С көтерілуінен басталады. Ары қарай бас ауруы, тершеңдік пен ұйқысыздыққа ұласады. Жүйелі түрде буын, бұлшық ет ауырсынып, буын зақымдалады. Аурушаңдық 3 айға созылады, бірақ 1-2 жылға дейін ұзаруы да мүмкін. Сарып ауруының ұзаққа созылуы, аурудың жиі қайталануы және аурудан кейінгі қалдық өзгерістердің әсерінен науқастың жұмысқа деген қабілеті жартылай немесе толықтай жоғалуы мүмкін.

Адамдар уақытында дәрігерге қаралмаған кезде ауру созылмалы түрге көшіп мүгедектікке және бедеулікке дейін асқынып кетеді.

Аурудың алдын алу үшін бірқатар іс-шараларды сақтау қажет:

- көктемде ауылшаруашылығы малдарын жайылымға шығар алдында және күзде қора-жайларға кіру алдында жылына екі рет сарыпқа тексерту;
- сарыппен ауырған малдар анықталған жағдайда ауру малды дені сау малдардан дереу оқшаулап, 15 күн ішінде оларды союға өткізу керек.
- одан әрі ветеринариялық қызмет ауру жануарлар ұсталған үй-жайларда дезинфекциялық іс-шараларды жүргізуі үшін мал иелері қора-жайды механикалық тазарту;
- ветеринариялық қызмет мамандары ауру жануарлар ұсталған үй-жайларда дезинфекциялық іс-шаралар жүргізеді;
- ауру малға күтім жасауға балалар, 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер, жүкті және бала емізетін әйелдер жіберілмеуі тиіс;
- сүт, басқа сүт өнімдерін тек қайнатып ішу керек. Ауру қоздырғышы (бруцелла) 100 С температурасында қайнатқанда 5 минут ішінде жойылады;
- толық термиялық өңдеуден өтпеген етті тамаққа тұтынбау;
- сүт және сүт өнімдерін белгісіз тұлғалардан және белгіленбеген жерлерден сатып алмау;
- жануарларды күту кезінде, әсіресе, мал төлдегенде қарапайым жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау, мал жайлаған кезде темекі шекпеу, арнайы қорғаныш киімдерін киіп, жұмыстан кейін қолды жуу қажет.

**Шалқар аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.**


**ШАЛҚАР**

**Меншік иесі:**
**«Аудандық «Шалқар» газеті» ЖШС**

**Директор**
**Қыдыралы ӘЛИН**

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылы 19 наурызда тіркеліп, №13466-Г куәлігі берілген.

**Редактор үшін Мейірлан ДӘНЕКЕРОВ**

Мекен-жайы: 031200, Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, №63
Байланыс телефоны: (факс) 21-3-38
Авторлар материалдарының пікірлер редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А»
Газет аптасына бір рет шығады
**Тапсырыс №1114 Таралымы 2147 дана**